

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



2023. 10 (2)
шілде-қыркүйек

ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген. Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты, 2023

© Авторлар ұжымы, 2023

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аяған Бүркітбай Ғелманұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner, Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті, (АҚШ).

Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) — PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University). (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна — саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры. (Қазақстан)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Канзас университеті. (АҚШ)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қышпақтану институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы — филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вилнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Самшев Зайнолла Самашұлы — археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР ҒЖБМ ҒК Ө. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтгашұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы — PhD, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астана қаласындағы филиалының директоры. (Қазақстан)

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Копеева Сания Жуматайқызы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова» Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации: № 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки: история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография, археология, этнология, антропология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz>

© Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, 2023

© Коллектив авторов, 2023

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Аян Буркитбай Гелманович — доктор исторических наук, профессор, заместителю директора Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) — PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University). (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет. (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. алі-Фараби. (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова. (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна — доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководителю Центра китайских и азиатских исследований. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

Кумеков Болат Ешмухамбетович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени алі-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович — доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова. (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Римантас Желвис (Zelvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич — археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А. Маргулана КН МНВО РК. (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Козыбаева Махаббат Маликовна — PhD, директор филиала в г. Астана Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Казахстан).

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Копеева Сания Жуматаевна — сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. 14602-IA dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Journal website: <https://edu.e-history.kz>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, 2023

© Group of authors, 2023

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State SCMSHE RK. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

Golden Kathie Stromile — PhD, Mississippi Valley State University. (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan) **Kozhamzharova Daria Perneshovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University. (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassievna — Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies. (Kazakhstan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

Matyghanov Kenzhekhan Slyamzhanovich — Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art. (Kazakhstan)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich — archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagol Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kozybayeva Makhabbat Malikovna — PhD, Director of Astana branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulbayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)


ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
 Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”
 Has been issued as a journal since 2014
 ISSN 2710-3994.
 Vol. 10. Is. 2, pp. 347–360, 2023
 Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>


FTAXP / МРПТИ / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_10_2_347-360

STUDIES OF TURKIC HISTORY AND CULTURE IN CHINA: MAIN DIRECTIONS AND SIGNIFICANT WORKS

Duken Massimkhanuly^{1*}, *Ainur Abidenkyzy*²

¹R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (29, Kurmangazy Str., 050040 Almaty, Kazakhstan)
 Doctor of Philology Sciences, Professor, Director
 <https://orcid.org/0000-0003-2986-1499>. E-mail: masimkhan-63@mail.ru

*Correspondent author

²R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (29, Kurmangazy Str., 050040 Almaty, Kazakhstan)
 PhD, Leading Researcher
 <https://orcid.org/0000-0003-0109-4347>. E-mail: ainurbai-67@mail.ru

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2023

© Massimkhanuly D., Abidenkyzy A., 2023

Abstract. *Introduction.* It is known that studies of the history and culture of the Turkic peoples, whether in modern China or ancient China, developed a little better than in other areas of Turkology. It is not without its own reasons. The most important reason is the neighborly relations of the ancient dynasties of China and the Turkic kingdoms of different eras, dating back to ancient times. Palace historians who lived under each Chinese dynasty, from the point of view of imperial decrees and other needs, wrote many valuable works and valuable data, chronicles about their border neighbors – the Turkic khanates. Such yearbooks – documents, written monuments and data stored in the Celestial Empire since time immemorial, have attracted the attention of Chinese Turkologists and historians since the last few centuries. As a result, Chinese historians and Turkologists have conducted many fundamental studies of Turkic history and culture. *Goals and objectives* of the research are to familiarize, analyze, differentiate the main directions and important research works of outstanding scientists, Turkologists-historians of China concerning the history and culture of the Turkic peoples. *Results.* In this research work, based on data related to ancient Turkic history stored in the archives of this country, we present to our domestic scientific environment, to the historians of our country, the main directions and the most important works of research on the history and culture of the Turkic peoples carried out by outstanding Chinese scientists, historians, Turkologists. *Conclusion.* In modern China, a lot of work is being done in the field of systematization and study of historical records and archival data concerning the history and culture of the Turkic peoples. And in this article we have analyzed the main directions and important works of research on Turkic history and culture in China. As a result, we came to the conclusion that the fundamental research works of scientists, historians and Turkologists in China concerning the history and culture of ancient Turkic tribes, and valuable data in them should be taken into account when writing a new national history.

Keywords: ancient Turks, China, Turkology, history, culture, Turkology in China


For citation: Massimkhanuly D., Abidenkyzy A. Turkology in China: studies on Turkic history and culture // Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”. 2023. Vol. 10. No 2. Pp. 347–360. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_10_2_347-360.

ҚЫТАЙДАҒЫ ТҮРКІ ТАРИХЫ МЕН МӘДЕНИЕТІ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР: БАСТЫ БАҒЫТТАРЫ МЕН НЕГІЗГІ ЕҢБЕКТЕР

Дүкен Мәсімханұлы^{1*}, Айнұр Әбиденқызы²

¹Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты (29-үй, Құрманғазы көш., 050040 Алматы, Қазақстан Республикасы)


Филология ғылымдарының докторы, профессор, директор

 <https://orcid.org/0000-0003-2986-1499>. E-mail: masimkhan-63@mail.ru

* Автор-корреспондент

²Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты (29-үй, Құрманғазы көш., 050040 Алматы, Қазақстан Республикасы)

PhD, жетекші ғылыми қызметкер

 <https://orcid.org/0000-0003-0109-4347>. E-mail: ainurbai-67@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2023

© Мәсімханұлы Д., Әбиденқызы А., 2023

Аңдатпа. *Kirişne.* Қазіргі Қытайда болсын, ежелгі Қытайда болсын түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті туралы зерттеулер түркологияның басқа салаларына карағанда біршама жақсы дамығаны белгілі. Оның өзіндік себептері де жоқ емес. Ең басты себеп – Қытайдың ежелгі династиялары мен әр дәуірдегі Түркі патшалықтарының көне дәуірден бастау алатын көршілік қарым-қатынастарында. Қытайдың әрбір династиясы тұсында өмір сүрген сарай тарихшылары император жарлықтарымен және басқа да қажеттіліктер тұрғысынан өздерінің шекаралас көршілері – Түркі хандықтары жайында біраз бағалы еңбектер мен құнды деректер, жылнамалар жазып қалдырған. Аспан асты елінде ежелден бері сақталып келе жатқан осындай жылнама-құжаттар, жазба ескерткіштер мен деректер соңғы бірнеше ғасырлардан бері қытай түркологтары мен тарихшыларының назарын аударып келеді. Соның нәтижесінде қытайлық тарихшы-түркологтар түркі тарихы мен мәдениетіне қатысты көптеген іргелі зерттеулерді жүзеге асырды. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері* – Қытайдағы көрнекті түркітанушы-тарихшы ғалымдардың түркі халықтарының тарихы мен мәдениетіне қатысты зерттеу еңбектерінің басты бағыттары мен негізгі еңбектерін таныстыру, талдау, саралау. *Нәтижелер.* Бұл зерттеу жұмысында сол елдің мұрағаттарында сақталып келген ежелгі түркі тарихына қатысты деректер негізінде көрнекті қытайлық тарихшы-түрколог ғалымдардың жүзеге асырған түркі халықтарының тарихы мен мәдениетіне қатысты зерттеулерінің басты бағыттары мен негізгі еңбектері отандық ғылыми ортаға, еліміздің тарихшы ғалымдарының назарына ұсынылады. *Қорытынды.* Қазіргі Қытайда Түркі халықтарының тарихы мен мәдениетіне қатысты тарихи жазбалар мен архивтік деректерді жүйелеу мен зерттеу саласында қыруар жұмыстар атқарылуда. Ал біз бұл мақаламызда Қытайдағы түркі тарихы мен мәдениеті туралы зерттеулердің басты бағыттары мен негізгі еңбектерін сараптап, талдап көрдік. Нәтижесінде қытайдағы тарихшы-түрколог ғалымдардың ежелгі түркі тайпаларының тарихы мен мәдениетіне қатысты іргелі зерттеу еңбектері мен ондағы құнды деректер отандық жаңа тарихты жазуда ескерілгені абзал болар еді деген қорытындыға келдік.


Түйін сөздер: ежелгі түркілер, Қытай, түркология, тарих, мәдениет, Қытайдағы түркология

Дәйексөз үшін: Мәсімханұлы Д., Әбиденқызы А. Қытайдағы түркі тарихы мен мәдениеті туралы зерттеулер: басты бағыттары мен негізгі еңбектер // «edu.e-history.kz.» электрондық ғылыми журналы. 2023. Т. 10. № 2. 347–360 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_10_2_347–360.

ИССЛЕДОВАНИЯ ТЮРКСКОЙ ИСТОРИИ И КУЛЬТУРЫ В КИТАЕ: ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ И ВАЖНЫЕ ТРУДЫ

Дукен Масимханулы^{1*}, Айнуур Абиденкызы²


¹Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова (д. 29, ул. Курмангазы, 050040 Алматы, Республика Казахстан)

 Доктор филологических наук, профессор, директор
<https://orcid.org/0000-0003-2986-1499>. E-mail: masimkhan-63@mail.ru

*Корреспондирующий автор

²Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова (д. 29, ул. Курмангазы, 050040 Алматы, Республика Казахстан)

PhD, ведущий научный сотрудник

 <https://orcid.org/0000-0003-0109-4347>. E-mail: ainurbai-67@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2023

© Мәсімханулы Д., Абиденкызы А., 2023

Аннотация. *Введение.* Известно, что исследования истории и культуры тюркских народов, будь то в современном Китае или древнем Китае, развивались немного лучше, чем в других областях тюркологии. У него также есть свои причины. Самая главная причина – это соседские отношения древних династий Китая и тюркских царств разных эпох, восходящие к древним временам. Дворцовые историки, жившие при каждой китайской династии, с точки зрения императорских указов и других нужд, написали немало ценных трудов и ценных данных, летописей о своих приграничных соседях – тюркских ханствах. Подобные ежегодники – документы, письменные памятники и данные, хранящиеся в Поднебесной с незапамятных времен, привлекают внимание китайских тюркологов и историков с последних нескольких веков. В результате китайские историки-тюркологи провели множество фундаментальных исследований тюркской истории и культуры. *Цель и задачи исследования* – ознакомление, анализ, дифференциация основных направлений и важных исследовательских работ выдающихся ученых-тюркологов-историков Китая, касающихся истории и культуры тюркских народов. *Результаты.* В данной исследовательской работе на основе данных, относящихся к древнетюркской истории, хранящихся в архивах этой страны, мы представляем в нашу отечественную научную среду, ученым-историкам нашей страны основные направления и важнейшие труды исследований по истории и культуре тюркских народов, осуществленных выдающимися китайскими учеными, историками-тюркологами. *Вывод.* В современном Китае ведется большая работа в области систематизации и изучения исторических записей и архивных данных, касающихся истории и культуры тюркских народов. А в этой статье мы проанализировали основные направления и важные труды исследований тюркской истории и культуры в Китае. В результате мы пришли к выводу, что фундаментальные исследовательские работы ученых, историков-тюркологов в Китае, касающиеся истории и культуры древнетюркских племен, и ценные данные в них должны быть учтены при написании отечественной новой истории.

Ключевые слова: древние тюрки, Китай, тюркология, история, культура, тюркология в Китае

Для цитирования: Масимханулы Д., Абиденкызы А. Тюркология в Китае: исследования тюркской истории и культуры // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2023. Т. 26. № 1. С. 347–360. (На каз.) DOI: 10.51943/2710-3994_2023_10_2_347–360.

Кіріспе

Жалпы тарихта болған оқиғаларды, тарихи маңызды деректерді жүйелеп, жинақтап, олардың реттілігі мен тәртібін тиянақты етіп, сөре-сөрелерде сақтап отыру да – қытай халқының бойына ежелден әбден сіңген ұлттық дәстүрлерінің бірі деп айтуға болады. Қытайдың тарихына шолу жасайтын болсақ, қазіргі «иероглиф» деп аталатын олардың бейнелі жазулары пайда болғаннан бастап, көптеген жылдар бойы сансыз деректер мен жазба ескерткіштер – шежіре, тарихи оқиға, жылнама, естеліктер жазу дәстүрі күні бүгінге дейін өз құндылығын жоймай сақталып келе жатқанының куәсі боламыз. Мұндай

рухани құндылықтардың ең көне түрі ретінде қарапайым тастарға, аң сүйектері мен тасбақа сауыттарына, металға (қола, мыс, темір), тіпті қамысқа дейін таңбаланғанын археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесі дәлелдеп берді. Кейін Қытайдың өзіндік өнертабыстары дамып, елде қағаз, сия пайда болған соң тарих беттері кездемеге, жібекке, қағазға түсірілетін болды. Қытайлық зерттеушілер мен ғалымдарының айтулары бойынша, олар осыдан 3600 жыл бұрын Хуанхэ мен Янцзы өзендерінің аралығында өмір сүрген Шаң әулеті тұсында-ақ (шамамен б.з.б. ? – 1500 жж.) жазу-сызуы қалыптасқан өркениетті мемлекет болған екен (Қытай тарихының қысқаша оқулығы, 2012).

Шаң әулетінен кейінгі тарихи кезеңдерде өз билігін орнатқан барлық династиялар (әулеттер, хандықтар, патшалықтар) дәурен құрған заманы туралы, көршілес елдер және олармен байланысы туралы мәліметтерді, негізгі тарихи оқиғаларды, патшалықтар шежірелері мен жылнамаларын, сарайдағы тұлғалар мен олардың іс-әрекеттеріне қатысты ғұмырнамалық деректерді ұрпаққа мұра ретінде қалдырған. Әрине, Қытай мұрағатындағы деректердің қамтитын уақыт аралығы да ауқымды, саны да молшылық екені даусыз. Одан бөлек елдегі аласапыран заман мен сарайдағы бүліктердің және тағы да басқа себептердің әсерінен біраз деректердің жоғалып, өртеніп кеткендері тағы бар. Оған қоса, жанрлары жағынан да материалдар сан-алуан болып келеді. Қытайдың тарихнама ғылымында осындай сан-алуан деректердің ішінде ресми түрде төл тарих болып қарастырылатындары – «24 тарих» деп аталады. Олар хронологиялық тәртіп бойынша: «Тарихи жазбалар» (“Shiji”), «Хань кітабы» (“Hanshu”), «Кейінгі Хань кітабы» (“Hou hanshu”), «Үш патшалық тарихы» (“San guo zhi”), «Цзинь кітабы» (“Jinshu”), «Сун кітабы» (“Songshu”), «Чи кітабы» (“Qishu”), «Лян кітабы» (“Liang shu”), «Солтүстік Чи кітабы» (“Beiqishu”), «Солтүстік патшалықтар тарихы» (“Beishi”), «Оңтүстік патшалықтар тарихы» (“Nanshi”), «Суй кітабы» (“Suishu”), «Көне Таң кітабы» (“Jiu Tang shu”), «Жаңа Таң кітабы» (“Xin Tang shu”), «Көне бес патшалық тарихы» (“Jiu wudaishi”), «Жаңа бес патшалық тарихы» (“Xin wudaishi”), «Ляо (қара қытай) тарихы» (“Liaoshi”), «Цзинь тарихы» (“Jinshi”), «Сун тарихы» (“Songshi”), «Юань тарихы» (“Yuanshi”), «Миң тарихы» (“Mingshi”), «Жаңа Юань тарихы» (“Xin yuan shi”), «Цин тарихына кіріспе» (“Qingshigao”) деп аталады (Чжунго тарихнамалары, 1998). Тарихқа үңілсек, Қытайда әр кезеңнің билік басындағылары мен тарихшылары келісіп, мақұлдаған бұл «24 тарих» (жалпы 4018 бумадан тұрады) Қытайдың «ресми, тарихи, шынайы дерекнамасы» болып саналады. «24 тарих» – ежелгі Қытайдағы әр түрлі әулеттер тарихы жазылған, бастауын аңыз патша Хуандиден алып, аяғын Мин династиясы Чунчжэнь билігінің он жетінші жылына (1644) әкеліп тірейтін қытайдың төрт мың жылдық тарихы қамтылған жиырма төрт тарихи кітаптың жалпы атауы, кейде «ресми тарих» деп те аталады. Жалпы көлемі 3213 том және 40 миллионға жуық сөзден құрам тапқан. Тарихи оқиғалармен бірге жеке тұлғалардың өмір баяны қамтылған (Тазақіл, 2003).

Материалдар мен әдістер

Мақаланың әдіснамалық негізі ретінде қытай ғалымдарының түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті, тілі мен әдебиеті, көне ескерткіштері мен жазба жәдігерлері, дүниетанымы, түркі тілдес халықтардың қазіргі жағдайы туралы зерттеулеріне шолу жасалады. Ендігі сөз Аспан асты елі түркологтарының түркі тілдес халықтардың ежелгі және қазіргі тарихы мен мәдениеті туралы зерттеулері төңірегінде болмақ.

Мақала материалдары ретінде қытай авторлары мен зерттеушілерінің еңбектері мен талдаған жұмыстары негізге алынды және мақаланы жазу барысында зерттеу әдістері ретінде көрсетілген авторлардың еңбектерін қазақ тіліне аудару, оларға ғылыми және әдеби талдау жүргізілді, сонымен қатар түпнұсқаларға негізделген жүйелеу, салыстырмалы саралау тәсілдері қолданылды. Жасалған тұжырымдамалар мен қорытындылар нақты дәйектермен негізделіп, мысалдармен көрсетілген.

Талқылау

Қытай қоғамының тұтас тарихында ұзақ уақыт дәурен құрған осынау 24 патшалықтың хандық, бектік тарихы болып саналатын тауарихнамаларда аңыз-әңгіме, әфсана-миф түрінде тарап келген Сары Патшадан (Хуанди) бастап Цин әулеті тарих сахнасынан кеткенге дейінгі (1911 ж.) Қытайдың бес мың жылдық тарихы толық қамтылып, еш бос орынсыз, хатталып, жүйелі түрде тиянақты баяндалған. Бұл тарихи материалдар сарайдағы шежіре, жазбалар, оқиға-баяндар, ғұмырнама мен жылнамаларды және халық арасындағы аңыз-әңгімелер мен наным-сенімдерді қамтиды. Уақыт ауқымы жағынан әлемдегі ең теңдессіз, құндылықтарға бай, аса құнды, баға жетпес тарихи жазба дерек қоры. Сонымен

қатар, қазіргі таңда бұны біз екі мың жылдық Қытай өркениетінің үлкен энциклопедиясы десек те болады. Оған қоса, бұл үлкен жәдігерді («24 тарих») – тек Қытайдың этникалық Хань ұлтының ғана емес, сонымен қатар олармен ежелден бері көрші болып, бірге өмір сүріп келе жатқан, Орталық, Солтүстік, Шығыс, Оңтүстік Азия халықтарының да ежелгі тарихы мен мәдениетінің, әдебиеті мен дәстүрінің, таным-көзқарасының маңызды жазбалары деп қарастыруға толық негіз бар. Өйткені, бүгінгі алып Қытай басқаны айтпағанда, бағзы замандарда, ұлы қабырғасының сыртында, одан кейінгі б.ж.с-дан әрі-бері бірнеше ғасыр бойы Қытайдың алғашқы біртұтас патшалықтары болып есептелетін — Цинь, Хань патшалықтарымен бірге ұлы Ғұн империясы мен Үйсін патшалықтары өмір сүрген болса, кейіннен орта ғасырларда Қытайдың Суй, Таң патшалықтарымен қатар Орталық Азияда алып Түркі қағанаты өз билігін жүргізген болатын. Оған қоса, қазіргі Қытай Халық Республикасының Орталық Азияның батыс-солтүстік өңірлерінде және басқа да территорияларында тарихтың әр түрлі сатысында үлкенді-кішілі көптеген хандық-қағандықтар, этнос-тайпалар, ұлт пен ұлыстар мекен етіп келді. Бүгінгі таңда олардың кейбірі жойылды, кейбірі бір-бірімен сіңісіп, интеграцияға ұшырады, кейбірі сақталды. Сол халықтардың қазіргі ұрпақтарының көп бөлігі қазір Орталық Азия аймағында, Қытайдың аумағында өмір сүріп жатыр. Ал енді біразы Батысқа, Еуропаға ат басын бұрып қоныс аударды, қазір сол өңірлерде өмірлерін жалғастыруда (Нап, 2006). Демек, қалай дегенмен де, ежелгі көкбөрі ұрпақтарының — түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті өз кезегінде Аспан асты елімен белгілі бір деңгейде тікелей де, жанама да байланысып жатқанын түсінуге болады. Тарих бетіндегі ежелгі түркі халықтары мен олар құрған хандықтар мен қағандықтар туралы ең ерте, ең құнды, ең ауқымды, көптеген нақты тарихи жазбалар, біз айтып отырған Қытайдың «24 тарихында» көптеп кездеседі (Ходжаев, 2011). Сол себепті ежелгі түркілердің тарихы мен мәдениетін зерттеумен айналысатын қытайлық немесе шетелдік ғалымдар болсын, бұл тарихи материалдарды айналып өткен емес. Сонымен қатар, әлі күнге дейін бұл жазба деректер ежелгі Ұлы Түркі мәдениеті мен тарихын тереңірек қарастыруда өзінің жоғары құндылығын жоғалтқан емес. Осыған дейінгі ежелгі түркілердің тарихы мен мәдениетіне қатысты материалдардың көп бөлігі ХІХ ғасырдағы белгілі орыс миссионері Бичуриннің зерттеу жұмыстары мен француз ғалымы Шаванның аударма деректері арқылы зерттеліп келді. Соның ішінде қазақтарға қатысты, оның тарихы мен мәдениетіне қатысты бұдан ертеректе Кеңес Одағы кезінде және Қазақстанда жазылған еңбектерде айтылған ежелгі Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы, Алан, Түрік, Қыпшақ т.с.с. халықтар мен хандықтар жөніндегі жазба деректердің біраз бөлігі Бичуриннің аудармасымен ежелгі қытай жазбаларынан («24 тарих») алынғаны белгілі.

Өткен ғасырдың 90-шы жылдарының соңынан бастап (1998 ж.) Қытайдың ШҰАР Шыңжаң қоғамдық ғылымдар академиясында жұмыс жасайтын қазақ тарихшылары аталған Қытайдың «24 тарихындағы» ежелгі түркі өркениетіне қатысты ақпараттарды іріктеп, саралап, оларға түпнұсқадан аударма жасап, «Чжуңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер» деген атпен үлкен еңбектері жарық көре бастады. Қазірге дейін үлкен-үлкен көлемді (әрқайсысы шамамен 30 баспа табақтан тұратын) үш кітабы жарыққа шығып үлгерді. Бұл үш томда б.з.б. ІІ–ІІІ ғасырлардан бастап, «Юань тарихына» (ХІІ–ХІІІ ғғ.) дейінгі кезеңдегі және қазіргі заманда өмір сүретін түркі халықтары мен патшалықтарына қатысты деректер қамтылған. Сондықтан Ұлы Қытай мемлекетінің алты әлемге аты танылған «26 тарих» атты құнды дереккөздер қорын Қытайдағы түркология ғылымының басты, әрі іргелі дереккөздерінің негізі деп қарастыруымызға әбден болады.

Яғни, жоғарыда көрсеткеніміздей, Қытайдың «24 тарих» деп аталатын мазмұнды тарихнамалар жинағында қазірге дейін жеткені бар, ішінара жойылып кеткені бар, ежелгі түркі халықтарының мәдениеті мен тарихы туралы аса мол, теңдессіз бағалы жазба ескерткіштер сақталған. Нақтырақ айтқанда, ежелгі таулық Нұмдар (戎), Ғұндар((匈奴), Юзилер(月氏), Деңлендер (丁玲), Гегундер (鬲昆), Жужандар (柔然), Үйсіндер(乌孙), Сақтар(赛种), Қаңлылар(康居), Ашина (阿史那), Чігілдер (炽俟), Аландар(阿兰), Татарлар(鞑靼), Түріктер(突厥), Қырғыздар (黠戛斯), Қарлұқтар(葛逻禄), Қасарлар (葛萨), Құйғырлар (回纥- көне ұйғыр), Қидандар(契丹), Оноқтар (十姓), Сумақтар)松漠), Түргештер(突骑施), Тоқарлар(土火罗), Телектер(铁勒), Оғыздар(乌护), Арағұндар (乌罗浑) секілді көптеген ежелгі түркітөкес халықтарға қатысты тек тарихи-саяси немесе соғыс туралы материалдар ғана емес, сонымен қатар олардың мәдениеті мен дәстүрі, өнері мен дүниетанымы жайында да мол мағлұмат жинауға болады (Christopher, 1993). Онда баяндалған деректердің құндылығы мен нақты дәйектілігін мына

сипаттармен анықтауға болады: біріншіден, ежелгі түркі мәдениеті туралы деректердің өте ерте кезде хатқа түсіп, қазіргі таңда біздің заманымызда қолымызға тиіп отырғандығы. Яғни, онда көрсетілген фактілер «солай болуы мүмкін...» деп келетін бүгінгідей «тарихшылардың» болжамы немесе «осылай қорытынды жасауға болады...» дейтін әлдебір археологтың немесе «сәуегейдің» қорытындысы емес. Бұл сол кезеңде «өз көзімен көріп, қолымен ұстаған» адамның жазып қалдырған нақты деректері. Мысалы, біз жобалап болса да үнемі «тері өңдеп, жүн иіру – түркілерде ертеден қалыптасқан өнер», - деп айтып та, жазып та жүрміз. Дегенмен, бұл өнердің ежелгі түркілерде біз ойлағаннан да ерте қалыптасқаны, біз айтып отырған «24 тарихта» көрсетілген. Мысалы, «Тарихи жазбалардағы» ежелгі түркілердің тұрмыс-тіршілігі туралы жазбалардың екінші бумасында (Ся әулетінің шежіресі): «Жүн-тоқыма, тері бұйымдарын саудаға ұсынатындар Құрым, Секте, Қасоктар еді» - деп көрсетілген.

Мұнда біз қозғап отырған кезең б.з.б. XXI–XVI ғасырлардың шамасы. Ал Құрым, Секте, Қасок... дегендер ежелгі Түркі тайпаларының ескі атаулары. Демек, бұл дегеніміз аталған деректен ежелгі түркі тайпаларының сонау б.з.б. XXI–XVI ғасырлардың өзінде-ақ жүн иіріп, тоқыма тоқып, тері мінерлеп, одан киім-кешек, басқа да тұрмыстық бұйым-құралдарын жасаумен айналыса бастағанын көре аламыз. Малды қолға үйрету, жүн, тері мәнерлеу өнері жайында тағы бір мысал ретінде, «Тарихи жазбалардың» 111-ші бумасы – «Ғұн баянында» жазылған мына деректерді келтіруге болады: «Салт-дәстүр бойынша ғұндар жайшылықта мал бағып, аң аулап күнелтуге бейімделген. Елбасыларынан тартып қарашаларына дейін ет жеп, теріден киім киеді, тон жамылып, киіз төсенеді».

Әрине, біз сөз етіп отырған деректерде ғұндардың материалдық мәдениеті немесе қолөнеріне қатысты ғана емес, олардың рухани мәдениеті мен дүниетанымдық көзқарастары, діни ритуалдары мен әдет-ғұрыптық ереже-заңдарына да қатысты да көп ақпарат табуға болады. Мысалы, «ғұндардың барлық аға-ақсақалдары жаңа жылдың бастапқы айында Тәңірікүт ордасында шағын мәжіліс құрып, құрбандық шалады. 5-ші айда Ұлубалықта бас қосып, ата-бабаларының аруағына, жер-көкке, ие-киелерге арнап үлкен шек береді. Күзге салым жылқы қонданған кезде тасаттық орманында өтетін мал мен жаннның ұлы санағы және соған қарай алынатын алым-салық мөлшері есептеледі. Олардың әдет-заңында: біреуге семсер (немесе қылыш) жұмсап зақымдаған жері екі қарыстай болса, бірден өлім жазасына ұшырайды; егер ұрлық жасаса, олардың отбасы, бала-шағасы мен мал-мүлкі тәркіленеді; жеңіл қылмыс жасағандарға толарсағын шағу жазасы, ауыр қылмысқа барғандарға өлім жазасы беріледі. Абақтыға 10 күннен артық жатқызылмайды. Оның үстіне бүкіл ел бойынша абақтыға жататындар саны бірнеше адамнан аспайтын. Тәңірікүт әр күн сайын таңмен ордасынан шығып, көтеріліп келе жатқан күнге, түнде айға тәу етеді» (Тарихи жазбалар). Бұдан бөлек «Тарихи жазбаларда» ежелгі түркі халықтары негізін қалаған хандықтар мен ордалардың ішкі әкімшілік құрылымы, әскери жүйесіне қатысты да деректер аз емес. Мәселен, «ғұндар сол білге қаған, оң білге қаған, сол жанақ қаған, оң жанақ қаған, сол сардар, оң сардар, сол аға жасауыл, оң аға жасауыл, сол аға даңға, оң аға даңға, сол құтағұ, оң құтағұ қойылады. Ғұндар білгені (данышпан) «дөкей» дейді. Сол себепті көбінесе мұрагер хантегін (қалға) сол қол дөкей хан болып тағайындалады. Сол-оң білге хандардан даңғаларға дейін ірілері он сан (түмен), кішіректері бірнеше сан (мыңдаған) сарбаз ұстайды да, жалпы 24 ағаман тағайындалып, оларға «түменбасы» деген атақ беріледі. Ұлықтардың атақ-мәртебесі мен дәреже-лауазымы атадан балаға мирас болып жалғаса береді» (Тарихи жазбалар).

Осыдан байқап отырғанымыздай, осындай бағалы жазбалар Қытайдағы қазақ ғалымдарымен жинақталып, аударылып, жарыққа шыққан «Чжуңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер» атты еңбекте көп кездеседі. Тіпті тек ғұндарға ғана қатысты емес, жоғарыда аттары аталған, бүгінге жеткені бар, өзгеріске ұшырап, аты өшкені бар, жойылып кеткені бар, көптеген ежелгі түркі тайпалардың, түркітектес ұлттардың өркениеті мен мәдениетіне, салт-дәстүрі мен діни наным-сеніміне, әскери-билік және әкімшілік жүйесіне қатысты да құнды әрі теңдессіз мәліметтер көрсетілген.

Зерттеу нәтижелері

Негізінде түркі тарихы туралы Қытай ғалымдарының арнайы һәм жүйелі зерттеулері XX ғасырдың басынан басталып, ҚХР құрылғанға дейінгі кезеңде сирек болса да жарияланып тұрды. Олардың көпшілігі түркі текті ру-тайпалардың тегі, мемлекеттік басқару жүйесі, қоғамдық құрылымы, тарихи мекені, көші-қоны, Қытаймен болған байланысы, т.б. деген тақырыптарды қамтыды (Joo, Shuntu, 2017). Ол кезеңдегі зерттеулердің маңыздылары ретінде, тарихшылар Чжу Цзунминнің «Ғұндардың батысқа көшуі» (1933 ж.); Цзин Юансяннің «Солтүстік ғұндардың батысқа қоныс аударуы» (1935 ж.); Хэ

Чжэньның «Ғұндар және Венгрия» (1937 ж.); Дун Чжучэньнің «Ғұндардың батысқа көшуі және Еуропа елдеріне қоныс аударуы» (1942 ж.); Чжан Инлиннің «Юечжилер және шығыс-батыс мәдениеті» (1926 ж.); Гуң Айдің «Юечжилер мен үйсіндердің батысқа қоныс аудару барысы» (1944 ж.); Чжэн Симаннің «Үйсіндер мен қазақтар» (1942 ж.); Ван Жэвэйдің «Түркі текті тайпа деңлеңдердің тарихы» (1936 ж.); Ли Футунның «Теле (түркілер) этносы жөнінде зерттеуі» (1947 ж.); Чжу Янфэннің «Түркілердің атақ-лауазым атаулары» (1934 ж.); Хань Жулиннің «Түркілердің лауазым аттары» (1940 ж.), «Түркі-моңғолдардың арғы тегі туралы аңыздар» (1944 ж.); Цзя Цзиняннің «Түркілер мен Рим империясының қарым-қатынасы» (1947 ж.); Чэн Чжуңмяннің «‘Жаңа таң кітабындағы’ түркі тарихы туралы зерттеуі» (1947 ж.); Ду Чуанцзяннің «Түркілер тарихына қатысты материалдар» (1947 ж.) т.б. еңбектерді айтуымызға болады. Қытай ғалымдарының ежелгі түркілердің тарихы мен мәдениетіне қатысты зерттеулері өткен ғасырдың 50-жылдарында әжептәуір қарқын алғанымен, 60, 70-ші жылдарда теріс саяси науқандар кесірінен тоқырауға тап болды (Liu, 2019). Бұл саланың жұмысы да тек XX ғасырдың 80-жылдарынан кейін ғана өз қалпына келіп, қыруар жұмыс істеліп, өз арнасына түскен болатын. Оған дейінгі зерттеу жұмыстары негізінде ежелгі түркілер, қазақтар, ұйғырлар, қырғыздар тарихы мен Орта Азия тарихына қатысты зерттеу жұмыстары жазылып, баспадан жарық көрген болатын. Көне тарихи мұралар және жылнамалық еңбектер ретке келтіріліп, бүгінгі қолданыстағы қытай, қазақ, ұйғыр, басқа да тілдерге аударылып, жарық көре бастады (Хуе, 1992). Түркілердің көне тарихы туралы ғалымдардың зерттеген жұмыстары негізінен, түркітекті деңлең, гаучэ, теле тайпаларының тегі, шежіресі, көші-қоны, тілі, салт-дәстүрі, тайпалық құрамы, басқару құрылымы жайлы зерттеулер, сонымен қатар түркілер қоғамындағы салт-дәстүр мен діни сенімдер, Ұлы Түркі қағанатының мәдениеті мен өнері, әскери-әкімшілік құрылымы, заңы, билік басындағылардың атақ-лауазымы, көші-қоны, түркі мемлекетінің шекаралас халықтармен жүргізген сыртқы саясаты, Батыс Түрік қағанатының шекарасы және қағанаттың құзырындағы бағынышты мемлекеттер, Суй патшалығы мен түркілер арасындағы байланыс т.с.с. тақырыптардағы деректерді қозғады (Abdul Salam, 2014).

Біз айтып өткен көне қытай жазба деректердің жиынтығы «24 тарихтан» бөлек, әр кезеңде қытайлық ғалымдармен бірлесе қолға алынып, жұмыла жүзеге асырылған іргелі зерттеу еңбектер де аз емес. Сондай жұмыстардың бірі Шыңжаң қоғамдық ғылымдар академиясы Ұлттар институтының ғалымдар тобымен жазылып, құрастырылған, 1980 жылы «Шыңжаң халық баспасынан» қытай тілінде, 1982 жылы ұйғыр тілінде, 1983 жылы қазақ тілінде жарық көрген «Шыңжаңның қысқаша тарихы» деп аталатын іргелі зерттеу еңбегін атап өту қажет. Аталмыш шығарма көлемі үлкен-үлкен төрт томдық кітаптан (әрқайсысы 20-25 баспа табақтан) тұрады. Онда қазіргі Қытай Халық Республикасы ШҰАР аймағында бұрын-қазір өмір сүрген және өмір сүретін ежелгі түркі тайпаларының тарихы мен мәдениеті жүйелілікпен көрсетіліп, нақты-нақты дәлелдермен көрсетілген. Атап айтқанда, «Шыңжаңның қысқаша тарихының» I томының алғашқы тараулары Шыңжаң өңіріндегі алғашқы тас құралдар дәуірінің тарихы мен мәдениетіне арналған. Яки, біз қозғап отырған көлемді жұмыстың алғашқы кітабының алғашқы тарауы «Тас дәуіріндегі және таптық қоғамға өту кезіндегі Шыңжаң» деп аталады. Жоғарыда көрсетілген «24 тарих» еңбегінде ежелгі түркілердің мәдениеті мен тарихы жайындағы жазбалар Қытайда жазу-сызу пайда болғаннан кейінгі кезеңдердегі көзбен көріп, қолмен ұстап, құлақпен естіген дүниелер мен құбылыстар жайында баяндалған болса, «Шыңжаңның қысқаша тарихының» ерекшелігі, мұнда Қытайдың «24 тарихында» аталған көне деректерді де қамтуымен қатар, қазіргі Шыңжаң аймағындағы архелогиялық қазба жұмыстарының да нәтижелері мен жетістіктері тұтастай негізге алынған. Мәселен, мына деректердің тек қазба жұмыстары кезінде табылған жәдігерліктердің көмегімен ғана нақтыланып, дәлелденіп отырғаны шүбәсіз. «Осыдан шамамен 6-7 мың жыл бұрын еліміз (ҚХР-ді меңзеп отыр. – Д.М.) жаңа тас құрал дәуіріне қадам тастады. Сыпайы тас құрал мәдениетінің жұрты Шыңжаңның барлық жерінен дерлік табылды».

Тас құралдары кезеңінде адамдар пайдаланған тұрмыс құралдардың барлығы дерлік, негізінен, тастан жасалынды – тас жебе, тас пышақ, тас найза, үшкір тастар мен қыру-жонуға арналған тас құралдар еді (Ма, 2006).

Тұрмыстық жабдықтардың біраз бөлігі балшықтан жасалған ыдыстардан тұрды. Бірақ саны жағынан біршама аз, жасалуы да тым қиын, азабы көп түгелдей қолмен жасалған, пішіні де қарапайым болатын. Балшық ыдыстардың түрлері, көбінесе асхана жабдықтары және ішіп-жемге қажетті басқа да жабдықтар, нақтырақ айтқанда, күбі, кесе, тегеш, т.б. өндері сұрғылт, кейбіреулеріне тарақ сияқты

бедер, кейбіреулеріне дөңгелек бедер немесе түзу сызықты нақыштар сызылған. Тұрфанның Астана деген жерінде сәндік үшін істетілетін тесігі кішкене тас маржандар табылған» (Feng, 2001).

Үйсіндер мен ғұндардың тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүріне байланысты да жоғарыда көрсетілген зерттеуден сан түрлі талдаулар мен ғылыми теорияларды кездестіруге болады. Мысалы, біз көрсеткен еңбекте: «Ғұндар мен үйсіндерде ағасы өлсе оның әйелін інісі, інісі өлсе оның жесірін ағасы әменгерлікке алу — салт болып қалыптасқан, бұл тұқым-жұрағаттың құрып кетуінің алдын алуды, сондай-ақ рулық жүйені қорғауды көздеген шара еді» (Saritaş, 2012), - деген сияқты деректер мен тұжырымдамалар, ой-пікірлер көне түркілердің этномәдениетін зерттеу кезінде баға жетпес, жүйелі ақпарат қоры болып табылады. Одан бөлек көрсетілген зерттеулердегі ғұндар, сақтар, үйсіндер, юзилер, жужандар, телелер т.б. ежелгі түркі тайпаларының материалдық және рухани мәдениеті туралы дәйектер мен теориялардың құндылығын зерттеудің мазмұнындағы мына жерлерінен байқауға болады. «Шыңжаңдағы ауылшаруашылық аудандарының феодалдық қоғамға ілгерінді-кейінді өтуі» деп аталатын III тараудың бірінші тараушасы: «Диканшылық аудандардың феодалдық қоғамға өтуі және экономикалық, мәдени саладағы дамуы» деп аталатын болса, екінші тараушасы «жужан және басқа да көшпелі ұлттардың гүлденуі және Шыңжаңдағы әрекеті» деп аталады. Ал IV тарау «Таң патшалығының Шыңжаңды бірлікке келтіруі, Шыңжаңда феодалдық-экономикалық және мәдениеттің дамуы» деп аталған болса, V тарау «Ұйғырлардың Шыңжаңда негізгі ұлтқа айналуы. Шыңжаңның феодалдық экономикасы мен мәдениетіндегі тың дамуы» деп аталған (Lin, 2007). Көрсетілген тараулар мен тараушаларда көне түркі халықтарының мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігі туралы тарихи деректер мен Шыңжаңнан табылған қазба жәдігерлерге жүйелі түрде жан-жақты талдау жасалып, жеткілікті деңгейде зерттелген болса, еңбектің басқа тараулары мен тараушаларында да аймақтағы саяси-әлеуметтік, қоғамдық-экономикалық жағдайларға қатысты жасалған талдау жұмыстары бойынша жергілікті халықтардың мәдениеті мен тарихына байланысты деректер тәртібіне қарай ретімен көрсетілген.

2021 жылы Пекин қаласындағы «Ғылым» баспасынан «Қытайдың Солтүстігіндегі ежелгі халықтардың тарихы» (он томдық) (《中国古代北方民族史》，十卷本) жарық көрді. Бұл іргелі еңбек Қытайдың Ұлттық әлеуметтік ғылым қорының тапсырысы бойынша «Моңғолдың этникалық тегі және Юань әулетінің императорлық қабірлері туралы кешенді зерттеу» атты ірі жобаның қосалқы жобасы ретінде зерттеліп, құрастырылған қолжазбалар жинағы. «Қытайдың солтүстігіндегі ежелгі халықтардың тарихы» (он томдық) жеке-жеке «Ғұндар»(匈奴 – Xiongnu), «Ухуань»(乌桓 – Wuhuan), «Тоба Сяньбей»(拓跋鲜卑 – Tuoba Xianbei), «Жоужан»(柔然 – Rougran), «Түрік»(突厥 – Tujue), «Ұйғыр»(回鹘 – Huigu), «Қырғыз»(黠戛斯 – Xiajiasi), «Қидан»(契丹 – Qidan), «Кумоси»(库莫奚 – Kumoxi) және «Шивэй»(室韦 – Shiwei) тарихтарына арналған 10 томнан тұрады. Олар Моңғол үстірті мен оның маңындағы ірі көшпенділердің б.з.б III ғасырдан б.з. XIII ғасырға дейінгі тарихын қамтиды. Қытайдың солтүстігінде өмір сүрген ежелгі этникалық топтар тарихына арналған академиялық еңбек. Сөз болып отырған он томдық «Қытайдың Солтүстігіндегі ежелгі халықтардың тарихы» атты еңбекте тарихқа ғылыми көзқарасты басшылыққа алып, алдыңғылардың зерттеу нәтижелерін кеңінен талдап, сабақ алады. Ғұндар, ухэнь, тоба сяньбэй, жоужан, түркі, ұйғыр, қырғыз қидан, кумоси, шивэй сияқты солтүстікте өмір сүрген ежелгі халықтардың этникалық шығу тегі, тарихи өзгерістері, саяси жүйесі, экономикалық өндірісі, өмір салты, мәдени әдет-ғұрыптары, этникалық қатынастары және соңғы беталысы жан-жақты және жүйелі түрде талқыланады. Бұл этникалық топтардың кейбіреуі уақыт тозаңында жоғалып кетсе де, олардың тарихи үлестері мен ықпалы қытай ұлтының үлкен отбасының қанына сіңіп кетті. Бұл Қытай қоғамының даму бағыты мен плюралистік эволюциялық үлгісін көрсетеді. Кітапта зерттеу үшін таңдалған 10 ежелгі солтүстік көшпелі халықтардың ішкі тарихи байланыстары ғана емес, сонымен бірге моңғол этникалық тобының шығу тегімен азды-көпті байланыстары да сөз болады. Жазу барысында әр томның авторлары тарихи зерттеулерге сүйене отырып, археологиялық материалдарды, археологиялық орындардың, жәдігерлердің, табылған мәдени жәдігерлердің суреттерін іріктеп алып, тарих пен археологиялық зерттеулердің терең интеграциясына қол жеткізіп, түпнұсқа және жаңартылған зерттеу нәтижелері Қытай ұлттық қоғамдастығының санасын қалыптастыру үшін маңызды академиялық құндылық пен теориялық мәнге ие» (Liu, 2022) іргелі еңбек.

Соңғы жылдарда қытайдағы түрколог ғалымдардың ежелгі түркі тарихы мен мәдениетіне қатысты көптеген тың да іргелі еңбектері жарияланды. Осы ретте жарық көрген тағы бір маңызды зерттеу –

түрколог-тарихшы ғалым У Юйгүйдің «Түрік қағанатының Суй және Таң патшалықтарымен болған қарым-қатынастар тарихы туралы зерттеулер» (吴玉贵《突厥汗国与隋唐关系史研究》2017年商务印书馆. 页数: 438页) «Түрік қағанаты мен Суй және Таң патшалықтары арасындағы қарым-қатынастар тарихы туралы зерттеулер» негізінен екі көшпелі режимнің Шығыс Түрік қағанаты (552–630) мен Батыс Түрік қағанаты (611–658) арасындағы саяси қарым-қатынасты, ал Қытай тарихындағы Суй және Тан әулеттері. Уақыттың жоғарғы шегі шамамен VI ғасырдың ортасындағы Түрік қағанатының көтерілуімен, Суй династиясынан (581–618) сәл ертерек шектелген; төменгі шегі – Гаоцун Сяньциннің (658) үшінші жылы. Таң әулеті (618–907), Батыс Түрік Ашина Хэлу көтерілісі басылған кезде Ол сонымен қатар Батыс Түрік қағанатының қалдықтарын жойып жіберді және бастапқыда Батыс Түрік қағанаты басқарған Батыс аймақтарда әкімшілік органдардың кең көлемде құрылғанына дейін, ол Тан әулетінің алғашқы 40 жылын ғана қамтыды (Zhao, 2018).

Осы қатарда түрколог-ғалым Лю Сюэчжоудың «Көшпелілер өркениеті және Қытай тарихы: Түрік қағанаты» атты зерттеуінің (刘学铈. 游牧文明与中华史:突厥汗国. 西安:陕西人民出版社, 2019年) де салмағы айырықша екенін атап айтуға тиіспіз. Әуелі автор туралы бірер сөз: Лю Сюэчжоу Қытайдағы Тайвань мәдениет университетінің профессоры. Ол «Бес хулардың тарихы туралы», «Ғұндар тарихы», «Сәнби тарихы туралы», «Бес Ху және Хуа», «Екі жақты саяси жүйе. Солтүстік Азиядағы көшпенділер», «Торғуттардың шығу тегі және зерттеулері мен түзетулері», «Қытай мәдениетінің тарихы бойынша лекциялар» және т.б. іргелі зерттеулердің авторы.

Ғалымның «Көшпелілер өркениеті және Қытай тарихы: Түрік қағанаты» атты зерттеуінің мазмұнына келсек, Қағандардың хикаясы аяқталып, енді сайын даладағы тас мүсіндер «көк түріктер» аңызына жататын ата-бабасы туралы сыр шертіп тұрғандай. Бұл кітапта бастапқыда Руандық «құлдық жасаушы» болған түріктердің өсіп-өркендеу мүмкіндігін пайдаланып, Орталық Азияның ішкі аймақтарындағы саяси құрылымды қалай өзгерткені, буддизм мен исламның интеграциясына қалай ықпал еткені және айырмашылықтарды қалай жойғаны туралы айтылады. Көк түріктердің көшпелі мәдениет пен егіншілік қоғамы арасындағы толық және бірегей ресми жүйені құру; Суй және Тан династияларының халықаралық дипломатиясын бақылау және ақырында Орталық Азияны біріктіру және Моңғол үстіртінің жаңа қожасы болу секілді соқталы тақырыптар жан-жақты қарастырылады (Geng, 1982).

Тағы бір қызықты да маңызды зерттеу ретінде профессор Гуй Баолидің «Хазар түріктері» атты зерттеуін айтуымызға болады. (桂宝丽. 可萨突厥. 兰州:兰州大学出版社, 2013年) Гуй Баоли. «Хазар түріктері». Ланчжоу: Ланчжоу университетінің баспасы, 2013 ж.). Бұл зерттеуді неге «қызықты да маңызды» деп отырмыз? Себебі еңбекте Батыс түріктердің құрамы, Хазар түріктерінің гүлденуі, Кавказдағы ғасырлық соғыс, Қырым соғысы, Оңтүстік Ресей даласына үстемдік, ортағасырлық сауда өткелек бекеттері және Хандықтың құлауы секілді тың деректер мен жаңа пікірлер ортаға тасталған (Gui, 2010).

Бұдан тыс Қазақстандағы отандық тарихшылардың назарына қытайдың түрколог-тарихшы ғалымдарының төмендегідей еңбектерінің тізімін және олардың авторлары мен шыққан баспасын, жылын таныстыра кетуді жөн санап отырмыз:

1. 段连勤. 《丁零、高车与铁勒》. 上海人民出版社, 1988年 (Дуан Ляньцин."Динлинг, Гаочэ және Тизле". Үрімші: Шанхай халық баспасы, 1988 ж.)

2. 耿世民. 《敦煌突厥回鹘文书导论》. [台北] 新文丰出版公司, 1994年

(Гэн Шимин."Дунхуан түркі ұйғыр құжаттарына кіріспе". Тайбэй: Xinwenfeng Publishing Company, 1994 ж.)

3. 芮传明. 《古突厥碑铭研究》. 上海古籍出版社, 1998年 (Жуй Чуанмин.«Көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеу». Шанхай: Ежелгі кітаптар баспасы, 1998 ж.)

4. 杨圣敏. 《回纥史》. 吉林教育出版社, 1991年(Ян Шэнмин. «Көне ұйғырлар тарихы». Цзилинь: Білім баспасы, 1991 ж.)

5. 林干. 《回纥史》. 内蒙古人民出版社, 1994年(Лин Ган. «Көне ұйғырлар тарихы». Көкхот: Ішкі Моңғолия халық баспасы, 1994 ж.)

6. 毕长朴. 《回纥与维吾尔》.[台北]新文丰出版公司, 1986年 (Би Чанпу. «Көне ұйғырлар және қазіргі ұйғыр». Тайбэй: Синвенфэн баспасы, 1986 ж.)
7. 李符桐. 《回鹘史》. [台北] 文风出版社, 1963年 (Ли Футун. «Көне ұйғыр тарихы». Тайбэй: Вэнфэн баспасы, 1963 ж.)
8. 杨富学. 《回鹘之佛教》. 乌鲁木齐: 新疆人民出版社, 1998年 (Ян Фусюэ. «Көне ұйғыр буддизмі». Үрімші: Шыңжаң халық баспасы, 1998 ж.)
9. 刘美崧. 《两唐书回纥传回鹘传疏证》. 北京: 中央民族学院出版社, 1988年 (Лю Мэйсонг. «Екі Таң кітабы көне ұйғыр баяны және ұйғыр баянының дәлел-дәйегі». Пекин: Орталық ұлттар университетінің баспасы, 1988 ж.)
10. 杨富学、牛汝极. 《沙州回鹘及其文献》. 兰州: 甘肃人民出版社, 1995年 (Ян Фукуэ, Нью Жужи. «Шачжоудағы көне ұйғырлар және олар туралы деректер». Ланьчжоу: Ганьсу халық баспасы, 1995 ж.)
11. 段连勤. 《隋唐时期的薛延陀》. 三秦出版社, 1988年 (Дуань Ляньцин. «Сюэ Янтуо Суй және Тан династияларында». Си-ань: Саньцин баспасы, 1988 ж.)
12. 蔡鸿生. 《唐代九姓胡与突厥文化》. 北京: 中华书局, 1999年 (Цай Хуншэн. «Таң әулетіндегі және түркі мәдениетіндегі тоғыз тегі Ху». Пекин: «Чжунхуа» кітап компаниясы, 1999 ж.)
13. 程溯洛. 《唐宋回鹘史论集》. 北京: 人民出版社, 1993 (Чен Суло. «Таң және Сун династиялары кезіндегі көне ұйғырлар тарихынан очерктер». Пекин: Халық баспасы, 1993 ж.)
14. 吴玉贵. 《突厥汗国与隋唐关系史研究》. 北京: 中国社会科学出版社, 1998年 (У Юйгуй. «Түркі қағанаты мен Суй және Тан династияларының тарихы туралы зерттеулер». Пекин: Қытай әлеуметтік ғылымдар баспасы, 1998 ж.)
15. 岑仲勉. 《突厥集史》 (全二册). 北京: 中华书局, 1958年 (Цэнь Чжунмян. «Түркілер тарихы жинағы» (екі томдық). Пекин: Чжунхуа кітап компаниясы, 1958 ж.)
16. 马长寿. 《突厥人和突厥汗国》. 广西师大, 2006年 (Ма Чаншоу. «Түркі халқы және Түркі қағанаты». Гуанчжоу: Гуанси педагогикалық университеті, 2006 ж.)
17. 林幹. 匈奴史. 北京: 人民出版社, 2010 (Лин Во. «Ғұндар тарихы». Пекин: Халық баспасы, 2010ж.)
18. 林乾. 匈奴史论文选集 1919–1979. 北京: 中华书局, 1983年. (Линь Ю. «Ғұндар тарихына арналған таңдамалы еңбектер 1919–1979 жж.» Пекин: Чжунхуа кітап компаниясы, 1983.)
19. 陈序经. 匈奴史稿. 北京联合出版公司, 2018年 (Чен Сюэцин. Ғұндар тарихы. Бейжің Біріккен Баспа компаниясы, 2018 ж.)
20. 王明哲, 王炳华. 乌孙研究. 乌鲁木齐: 新疆人民出版社, 1983年 (Уаң Миңчжи, Уаң Биңхуа. «Үйсін туралы зерттеу». Үрімші: Шыңжаң халық баспасы, 1983 ж.)
21. 刘锡淦. 突厥汗国史. 乌鲁木齐: 新疆大学出版社, 1996年 (Лю Сиган. Түркі қағанатының тарихы. Үрімші: Шыңжаң университетінің баспасы, 1996 ж.)
22. 王治来. 中亚通史(古代卷、近代卷、现代卷---共三卷). 乌鲁木齐: 新疆人民出版社, 2004年 (Ваң Чжилай. Орта Азияның жалпы тарихы (Ежелгі дәуір бөлімі, таяу заман бөлімі, қазіргі заман бөлімі--- жалпы үш том). Үрімші: Шыңжаң халық баспасы, 2004 ж.)
23. 新疆地方历史资料选集. 新疆社会科学院历史研究所编. 乌鲁木齐: 新疆人民出版社, 2004年 («Шыңжаңның жергілікті тарихына қатысты материалдарының жинағы» Шыңжаң гуманитарлық ғылымдар академиясының тарих институты құрастырған. Үрімші: Шыңжаң халық баспасы, 2004 ж.)
24. 苏北海. 新疆岩画. 乌鲁木齐: 新疆美术摄影出版社, 1994年. (Су Бейхай. Шыңжаңдағы жарта суреттері. Үрімші: Шыңжаң бейнелеу өнері фотосуреттер баспасы, 1994 ж.)
25. 王嵘. 西域文化的回声. 乌鲁木齐: 新疆青少年出版社, 2000年. (Ван Рун. Батыс өңір (Орта Азия) мәдениетінің жаңғырығы. Үрімші: Шыңжаң жастар баспасы, 2000 ж.)

26. 林梅村.汉唐西域与中国文明. 北京: 文物出版社, 1988年. (Лин Мэйцун. Хан және Тан дәуіріндегі батыс аймақтар және қытай өркениеті. Пекин: Мәдени жәдігерлер баспасы, 1988 ж.)
27. 耿世民.新疆历史与文化概论. 北京: 中央民族大学出版社, 2006年. (Гэн Шимин. Шыңжаң тарихы мен мәдениетіне кіріспе. Пекин: ҚХР Орталық университетінің университетінің баспасы, 2006 ж.)
28. 潘志平.中亚浩罕与清代新疆. 北京: 中国社会科学出版社, 1991年. (Пан Чжипин. Орта Азиядағы Қоқан және Цин династиясындағы Шыңжаң. Пекин: Қытай әлеуметтік ғылымдар баспасы, 1991 ж.)
29. 西域地名词典(冯志文、吐尔迪·纳斯尔等编). 乌鲁木齐: 新疆人民出版社, 2001年 («Батыс өлкелердегі (Орта Азия) жер-су атауларының сөздігі (Фэн Живэн, Тұрды Насир, т.б. құрастырған) Үрімші: Шыңжаң халық баспасы, 2001 ж.)
30. 苏北海.西域历史地理. 乌鲁木齐: 新疆大学出版社, 1988年. (Су Бэйхай. Батыс өңірдің (Орта Азия) тарихы мен географиясы. Үрімші: Шыңжаң университетінің баспасы, 1988 ж.)
31. 耿世民.回鹘文社会经济文化研究. 北京:民族大学出版社, 2006年 (Гэн Шимин. Көне ұйғыр жазбаларындағы әлеуметтік-экономикалық, мәдениет мәселелері. Пекин: ұлттар университеті баспасы, 2006 ж.)
32. 王治来.中亚史纲. 长沙:湖南教育出版社,1986年 (Ван Чжилай. Орталық Азия тарихынан тезистер. Чаңша: Хунан білім баспасы, 1986 ж.)
33. 余太山.西域通史. 郑州:中州古籍出版社, 2006年. (Юй Тайшан.Батыс аймақтардың жалпы тарихы. Чжэнчжоу: Чжунчжоу ежелгі кітаптар баспасы, 2006 ж.)
34. 陈垣.元西域人华化考. 北京: 中华书局,2016年. (Чен Юань. Юань дәуіріндегі Батыс өңірліктердің қытайлануы туралы зерттеу. Пекин: Чжунхуа кітап компаниясы, 2016 ж.)
35. 向达.唐代长安与西域文明. 重庆: 重庆出版社,2009年. (Сян Да. Тан дәуіріндегі Чаньань және батыс аймақтардың өркениеті. Чунцин: Чунцин баспасы, 2009)
36. 马大正.新疆史鉴. 乌鲁木齐: 新疆人民出版社, 2006年.(Ма Дачжэн. Шыңжаң тарихнамасы. Үрімші: Шыңжаң халық баспасы, 2006 ж.)
37. 中国突厥语言文化研究(王德怀等编). 兰州: 甘肃人民出版社,2012年. (Қытай түркі тілі мен мәдениеті туралы зерттеулер (Ван Дэхуай т.б.құрастырған). Ланчжоу: Ганьсу халық баспасы, 2012 ж.)
38. 新疆历史人物(谷苞主编). 乌鲁木齐: 新疆人民出版社, 2006年 («Шыңжаңда өткен тарихи тұлғалар» (құрастырған Гу Бао). Үрімші: Шыңжаң халық баспасы, 2006 ж.)
39. 汉代西域考古与汉文化(中国社会科学院考古研究所和新疆文物考古研究所编). 北京:科学出版社, 2014年. (Батыс аймақтар археологиясындағы Хань дәуірі және хань мәдениеті (Қытай гуманитарлық ғылымдар академиясының Археология институты және Шыңжаң мәдени жәдігерлер, археология институты құрастырған). Пекин: Ғылым баспасы, 2014 ж.)
40. 龟斯文化研究(张国领等编). 乌鲁木齐: 新疆人民出版社, 2006年 (Күсен мәдениеті туралы зерттеулер (құрастырған: Чжан Голин т.б.) Үрімші: Шыңжаң халық баспасы, 2006 ж.)
41. 刘学铤.游牧文明与中华史:突厥汗国. 西安: 陕西人民出版社, 2019年 (Лю Сюэчжоу. Көшпелілер өркениеті және Қытай тарихы: Түрік қағанаты. Сиань: Шэньси халық баспасы, 2019 ж.)
42. 陈凌.草原狼羴:突厥汗国的历史与文化. 北京: 商务印书馆, 2015年. (Чен Лин. Дала қасқыры: Түрік қағанатының тарихы мен мәдениеті. Пекин: Сауда баспа үйі, 2015 ж.)
43. 陈凌著突厥汗国与欧亚文化交流的考古学研究. 上海:上海古籍出版社, 2013年 (43. Чен Лин. Түркі қағанаты мен Еуразия арасындағы мәдениеті алмасу археологиялық зерттеулер. Шанхай: Шанхай ежелгі кітаптар баспасы, 2013 ж.)
44. 瀚海箫声. 兴衰突厥. 北京:海潮出版社, 2014年. (Ханьхай Сяошэн. Түріктердің гүлденуі мен құлдырауы. Пекин: Хайчао баспасы, 2014 ж.)

45. 桂宝丽可萨突厥兰州:兰州大学出版社, 2013年 (45. Гуй Баоли. Хазар түріктері. Ланчжоу: Ланчжоу университеті баспасы, 2013 ж.)

Қорытынды

Біз бұл арада тек қана кітап болып жарық көрген, сондай-ақ, жекелеген жетекші ғалымдардың салмақты монографиялары мен зерттеу еңбектерін ғана (оның өзін де біздің қолға түскендерін және электронды ресурсы барларын (түркі тарихы мен мәдениеті бойынша зерттеу жұмыстары) көрсетіп отырмыз. Біздің қолымызға түспегені, көзімізге шалынбағаны қанша ма?! Ал зерттеу мақалаларды толықтырар болсақ, ол бірқатар томдарға жүк болады десек, еш артық айтқандық емес.

Қорытындылай келе айтарымыз, Қытай — ежелгі түркі халықтарына қатысты деректер мен жазбалар молынан сақталған ел ғана емес, ежелгі және қазіргі түркі тілдес халықтардың тарихы мен мәдениетін зерттеу ісінде де өте жемісті жұмыс істеп келе жатқан ел. Біздің бұл мақаламызда қарастырылған еңбектер қытайдағы тарихшы-түрколог ғалымдардың ежелгі түркі тайпаларының тарихы мен мәдениетіне қатысты іргелі зерттеу еңбектерінің біз маңызды деп есептеген бір парасы ғана. Қытай ғалымдарының осы тараптағы таңдаулы еңбектері іріктеліп, жүйелі түрде қазақ тіліне тәржімаланып жарияланса, ондағы құнды деректер мен кейбір тың пікір, жаңа тұжырымдарды отандық жаңа тарихты жазуда пайдаланылса, ұлттық тарих одан сайын толықтана, жүйелене түскен болар еді.

Әдебиеттер

Abdusalam Shukur, 2014 — 阿不都萨拉木·旭库尔. 《古代突厥文碑铭文学研究》. 乌鲁木齐: 新疆 科学技术出版社, 2014. 223页. (Абдусалам Шүкір. «Ежелгі түркі ескерткіштерін әдеби тұрғыдан зерттеу» ҚХР Үрімші: Шынжаң ғылым-техника баспасы, 2014. 223 б.)

Geng, 1982 — *Geng Shimin*. Recent Chinese Research in Turkic Studies // Central Asian Survey. 1982. Vol. 1. No 1. 263 б.

Gui, 2010 — 桂宝丽. 《可萨突厥》. (Гуй Баоли. «Хазар түркілері») [Электронды ресурс] URL:<https://space.zjgsu.edu.cn/mospace/search/detail/me37331de038adf8590acce7681280f81> (21.04.2023)

Joo, 2017 — *Joo-Yup Lee and Shuntu Kuang*. “A Comparative Analysis of Chinese Historical Sources and Y-DNA Studies with Regard to the Early and Medieval Turkic Peoples.” Inner Asia. 2017. Vol. 19. No. 19. Pp. 197–239.

Қытай тарихының қысқаша оқулығы, 2012 — 《简明中国历史读本》. 北京: 中国社会科学出版社 2012. 490页. (Қытай тарихының қысқаша оқулығы. ҚХР Бейжің: Академия баспасы, 2012. 490 б.)

Lin, 2007 — 林天. «突厥与回纥史» 中国呼和浩特: 内蒙古人民出版社, 2007. 500页. (Лин Ган. «Түріктер мен ұйғырлар тарихы» Көххот: Ішкі Моңғол халық баспасы, 2007. 500 б.)

Liu, 2022 — 刘国祥; 栗媛秋; 袁刚; 王珏. 科学构建中国特色北方民族史研究体系 《中国古代北方民族史》十卷本编纂记略//《中国民族》杂志2022年第12期 (56–65). (Лю Гоосян, Ли Юаньцо, Юань Ган, Ван Цзюэ. Қытайлық ерекшелікке ие солтүстік этникалық топтардың тарихын зерттеу жүйесін ғылыми тұрғыда құру // «Ежелгі Қытайдағы солтүстік этникалық топтардың тарихы» Он томдық жинақ //«Қытай ұлты» журналы. 2022. № 12. 56–65 бб.)

Liu, 2019 — 劉學鈔. 《游牧文明与中国历史：突厥汗》. 西安: 陕西人民出版社, 2019. 217页. (Лю Сюэчао.«Көшпелілер өркениеті және Қытай тарихы: Түрік хандығы». Сиань: Шэньси халық баспасы, 2019. 217 б.)

Ma, 2006 — 马长寿. 《突厥人和突厥汗国》. 广州: 广西师大, 2006. 100页. (Ма Чаншоу. «Түріктер және Түрік қағанаты», Гуанчжоу: Гуанси педуниверситеті баспасы, 2006. 100 б.)

Sarıtaş, 2012 — *Sarıtaş E. Sarı Uygurlar*. Selenge Yaumevi. İstanbul, 2012. 324 б.

Тарихи жазбалар — Тарихи жазбалар. 111-ші бума, 50-ші бөлім: «Ғұн баяны». ҚХР, Бейжің: № 1 Архив. Ежелгі жазбалар қоры. (ескі қытай тілінде, Қытай мұрағатынан).

Taşagıl, 2003 — *Taşagıl A.* Gök-Türkler I.2. baskı. Ankara, 2003 (Türk Tarih Kurumu Yayınları. VII. Dizi – Sayı 1601). 229 б.

Түркология бойынша зерттеу жұмыстары — 突厥研究论著的目录. [Электронды ресурс] URL:https://wenku.baidu.com/view/faf8705fb42acfc789eb172ded630b1c59ee9bce.html?_wkts_=1685647577032 (21.04.2023)

Feng, 2001 — 冯志文等编. 《西域地名词典》. 乌鲁木齐:新疆人民出版社, 2001. 600页. (Фэн Чживен және басқалар. «Батыс жер атауларының сөздігі». Үрімші: Шыңжаң халық баспасы, 2001. 600 б.)

Han, 2006 — 韩中义. 《北亚突厥百年研究 (1900–2000年)》 // 青海民族研究. 2006. № 1. (Хань Чжун-и «Солтүстік Азиядағы түркітану ғасыры (1900–2000)» // Цинхай этникалық зерттеулері. 2006. № 1. 89–94 бб.)

Ходжаев, 2011 — *Ходжаев А.* Из истории древних тюрков (сведения древнекитайских источников). Ташкент: Tafakkur, 2010. 220 б.

Хуе, 1992 — 薛宗正. 《突厥史》. 中国北京:中国社会科学出版社. 1992. 808页. (Сюэ Цзунчжэн. «Түркілер тарихы». Пекин: Қытай гуманитарлық ғылымдар баспасы, 1992. 808 б.)

Zhao, 2018 — 赵凌飞. “一带一路”史研究综述《中国社会经济史研究》2018年第1期89–102页. (Чжао Линфэй. «Белдеу мен жол» бастамасының тарихына шолу // «Қытайдың әлеуметтік және экономикалық тарихы туралы зерттеулер». 2018. № 1. 89–102 бб.)

Чжүңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер (I том). ҚХР Пекин: Ұлттар баспасы. 1998. 916 б.

Christopher, 1993 — *Christopher I. Beckwith.* The Tibetan Empire in Central Asia: A History of the Struggle for Great Power among Tibetans, Turks, Arabs, and Chinese during the Early Middle Ages. New Jersey: Princeton University Press, 1993. 292 p.

References

Abdusalam Shukur, 2014 — *Abdul Salam Xukur.* Gudai tujue wen beiming wenxue yanjiu [Research on Ancient Turkic Inscriptions]. Urumqi: Xinjiang Science and Technology Press, 2014. 223 p. (In Chin.)

Concise Readings of Chinese History [Jianming zhongguo lishi duben], 2012 — Jianming zhongguo lishi duben [Concise Readings of Chinese History]. Beijing: China Social Sciences Press 2012. 490 p. (In Chin.)

Feng, 2001 — *Feng Zhiwen* and others. Xiyu diming cidian [Dictionary of Western Geographical Names]. Urumqi: Xinjiang People's Publishing House, 2001. 600 p. (In Chin.)

Gui, 2010 — *Gui Baoli.* Ke sa tujue [Khazar Turks]. URL: <https://space.zjgsu.edu.cn/mspace/search/detail/me37331de038adf8590acce7681280f81> (access date: 21.04.2023). (In Chin.)

Han, 2006 — *Han Zhongyi.* Beiya tujue bai nian yanjiu (1900–2000 nian) [A Hundred Years of Turkic Studies in North Asia (1900–2000)]. Qinghai Ethnic Studies. 2006. No. 1. Pp. 89–94 (In Chin.)

Historical records: “History of the Huns” — Lishi jilu: “Xiongnushou fengqin” — Lishi jilu: “Xiongnushou fengqin” [Historical records: “History of the Huns”]. China, Beijing: Archive No. 1. Ancient records Foundation. 111th pack. Part 50. (from the Chinese archive, In old Chin.)

Khodjaev, 2011 — *Khodjaev A.* Iz istorii drevnih turkov (svedeniya drevnekitaiskih istochnikov) [From the history of the ancient Turks (information from ancient Chinese sources)]. Tashkent: Tafakkur, 2010. 220 p. (In Russ.)

Lin, 2007 — *Lin Gan.* Tujue yu huihe shi [Turkic and Hui History]. Hohhot: Inner Mongolia People's Publishing House, 2007. 500 p. (In Chin.)

List of works on Turkology — Tujue yanjiu lunzhe de mulu [List of works on Turkology]. URL:https://wenku.baidu.com/view/faf8705fb42acfc789eb172ded630b1c59ee9bce.html?_wkts_=1685647577032 (access date: 21.04.2023). (In Chin.)

Liu, 2022 — *Liu Guoxiang; Li Yuanqiu; Yuan Gang; Wang Jue.* Kexue goujian zhongguo tese beifang minzushi yanjiu tixi [Scientifically construct a research system on the history of northern Ethnic Groups with Chinese characteristics]. 10 volume compilation of “History of Ancient Northern Ethnic Groups in China”. Chinese Nationality Journal. 2022. No. 12. Pp. 56–65. (In Chin.)

- Liu, 2019 — *Liu Xueyao*. Youmu wenming yu zhongguo lishi : tujue han [Nomadic Civilization and Chinese History: Turkic Khan]. Xi'an: Shaanxi People's Publishing House, 2019. 217 p. (In Chin.)
- Ma, 2006 — *Ma Zhangshou*. Tujueren he tu juehan guo [The Turkic People and the Turkic Khanate]. Guangzhou: Guangxi Normal University, 2006. 100 p. (In Chin.)
- Sarıtaş, 2012 — *Sarıtaş E.* Sarı Uygurlar [Yellow Uighurs]. Istanbul: Selenge Publishing House, 2012. 324 p. (In Turk.)
- Taşğıl, 2003 — *Taşğıl A.* Gök-Türkler [Blue Turks]. Publications of the Turkish Historical Society. VII. Series. Ankara, 2003. No.1601. 229 p. (In Turk.)
- Xue, 1992 — *Xue Zongzheng*. Tujueshi [Turkic History]. Beijing, China: China Social Sciences Press. 1992. 808 p. (In Chin.)
- Zhao, 2018 — *Zhao Lingfei*. Zhongguo shehui jingjishi yanjiu [Research on Chinese Socio-Economic History]. Summary of Historical Research on the “Belt and Road”. 2018. Is. 1. Pp. 89–102. (In Chin.)
- Zhongguo, 1998 — *Zhongguo shixue zhong youguan hasakeren de ziliao* [Information about the Kazakhs in Zhongguo historiography]. Vol. 1. Beijing: Nations Publishing House. 1998. 916 p. (In Chin.)
- Christopher, 1993 — *Christopher I. Beckwith*. The Tibetan Empire in Central Asia: A History of the Struggle for Great Power among Tibetans, Turks, Arabs, and Chinese during the Early Middle Ages. New Jersey: Princeton University Press, 1993. 292 p. (In Eng.)
- Geng, 1982 — *Geng Shimin*. Recent Chinese Research in Turkic Studies. Central Asian Survey. 1982. Vol. 1. No. 1. 263 p. (In Eng.)
- Joo, Shuntu, 2017 — *Joo-Yup Lee and Shuntu Kuang*. A Comparative Analysis of Chinese Historical Sources and Y-DNA Studies with Regard to the Early and Medieval Turkic Peoples. Inner Asia. 2017. Vol. 19. No. 19. Pp. 197–239. (In Eng.)

МАЗМҰНЫ

ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

Әбдіров М.Ж.

ҚАЗАҚСТАНДЫ ӘСКЕРИ ОТАРЛАУДАҒЫ РЕСЕЙ ҚАЗАК ӘСКЕРЛЕРІНІҢ РӨЛІ
(XVI ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ– XIX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)208

Ибраева А.Ғ., Темірханова Ә.С., Қабдөшев Б.Ж.

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЖӘНЕ БАЙЛАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ТӘРКІЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ
(СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІ МЫСАЛЫНДА)225

Қаратаев Ә.Ә.

АЛАША ХАН ЖӘНЕ «АЛАШ» БІРЛЕСТІГІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӨНІНДЕ241

ТАРИХ

Абдрахманов Б.Д., Асекова С.У.

СТАЛИНДІК КЕЗЕҢДЕ ҚЫРҒЫЗСТАНДА ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН ҚАЗАҚ ҰЛТЫ МЕН
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТУМАЛАРЫ ТУРАЛЫ256

Ахметова Д.М., Мухамеджанова Р.Ж.

ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ӘЙЕЛДЕРІНІҢ
ТЫЛДАҒЫ ЕҢБЕГІ267

Борбасов С.М.

ҚАЗАҚСТАН КСРО-ДАҒЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ЖЕДЕЛДЕТУ САЯСАТЫ
ЖЫЛДАРЫНДА (1985–1991)278

Еженханұлы Б.

1246 ЖЫЛЫ РИМ ПАПАСЫ ИННОСЕНТ IV-ГЕ ЖАЗЫЛҒАН «ТАТАР ХАТЫ» ЖӘНЕ ОНЫҢ
НАЙМАН ТӨРЕГЕНЕ ХАТҮНМЕН ҚАТЫСЫ290

Құсайынов Д.Ж., Өтепова Г.Е.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҰРАЖАЙЛАР МЕН БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫНЫҢ
ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ303

Мамбетова Г.А.

КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ ШАМАНИЗММЕН ЖӘНЕ «КЕЗБЕ МОЛДАЛАРМЕН» КҮРЕСІ318

Маничкин Н.А.

ӨЗАРА ТӘУЕЛДІ БОЛУ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАРИХИ ЖАДЫ НЫШАНДАРЫ МЕН БЕЙНЕЛЕРІН
ПОЭТИКАЛЫҚ ҚАЙТА ТАЛДА334

Мәсімханұлы Д., Әбиденқызы А.

ҚЫТАЙДАҒЫ ТҮРКІ ТАРИХЫ МЕН МӘДЕНИЕТІ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР: БАСТЫ БАҒЫТТАРЫ
МЕН НЕГІЗГІ ЕҢБЕКТЕР347

Саурықова Ж.С., Әбдіғұлова Б.Қ.

ІРІ БАЙЛАРДЫҢ МАЛ-МҮЛКІН КӘМПЕСКЕЛЕУ — ХАЛЫҚ ҚАСІРЕТІНІҢ АЛҒЫШАРТЫ
(ЖЕТІСУ ӨңІРІНІҢ МЫСАЛЫНДА)361

Тапалова А., Қара Ә.

ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІК СОҒЫС КЕЗІНДЕ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӘЙЕЛДЕРІН ТЫЛ
ЖҰМЫСТАРЫНА ЖҰМЫЛДЫРУҒА КОМСОМОЛДЫҚ НАСИХАТТЫҢ ЫҚПАЛЫ375

АНТРОПОЛОГИЯ

Дүйсенов Б.Д.

ЕДІЛ-ОРАЛ ӨңІРІ ЭПИГРАФИКАЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕ ЕСІМІ САҚТАЛҒАН ҚАЗАҚТЫҢ
ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАРЫН ТАБУ ЖӘНЕ ТАНУ387

Жалелов А.А.

1930–1960 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ402

СОДЕРЖАНИЕ

ТЕОРИЯ МЕТОДОЛОГИИ

Абдиров М.Ж. РОЛЬ РОССИЙСКИХ КАЗАЧЬИХ ВОЙСК В ВОЕННОЙ КОЛОНИЗАЦИИ КАЗАХСТАНА (КОНЕЦ XVI – НАЧАЛО XIX ВВ.	208
Ибраева А.Г., Темирханова А.С., Кабдушев Б.Ж. АЛАШСКАЯ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ И ВОПРОСЫ КОНФИСКАЦИИ БАЙСКИХ ХОЗЯЙСТВ (НА ПРИМЕРЕ СЕВЕРНОГО РЕГИОНА КАЗАХСТАНА)	225
Каратаев А.А. ОБ АЛАША ХАНЕ И ФОРМИРОВАНИИ ОБЪЕДИНЕНИЯ «АЛАШ»	241

ИСТОРИЯ

Абдрахманов Б.Д., Асекова С.У. О ЛИЦАХ КАЗАХСКОЙ НАЦИОНАЛЬНОСТИ И УРОЖЕНЦАХ КАЗАХСТАНА, РЕПРЕССИРОВАННЫХ В КЫРГЫЗСТАНЕ В СТАЛИНСКИЙ ПЕРИОД	256
Ахметова Д.М., Мухамеджанова Р.Ж. ТРУД ЖЕНЩИН КАЗАХСТАНА В ТЫЛУ ВО ВРЕМЯ ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ.....	267
Борбасов С.М. КАЗАХСТАН В ГОДЫ ПЕРЕСТРОЙКИ И ПОЛИТИКИ УСКОРЕНИЯ В СССР (1985–1991)	278
Еженханулы Б. «ТАТАРСКОЕ ПИСЬМО» АДРЕСОВАННОЕ ПАПЕ ИННОКЕНТИЮ IV В 1246 ГОДУ И ЕГО СВЯЗЬ С ТОРЕГЕНЕ КАТУН	290
Кусаинов Д.Ж., Отепова Г.Е. СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ПРОБЛЕМЫ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ МУЗЕЕВ И ОРГАНИЗАЦИЙ ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ	303
Мамбетова Г.А. БОРЬБА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ ПРОТИВ ШАМАНИЗМА И «БРОДЯЧИХ МУЛЛ»	318
Маничкин Н.А. ВЗАИМОЗАВИСИМОЕ СТАНОВЛЕНИЕ: ПОЭТИЧЕСКАЯ РЕИНТЕРПРЕТАЦИЯ СИМВОЛОВ И ОБРАЗОВ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ В КАЗАХСТАНЕ	334
Масимханулы Д., Абиденкызы А. ИССЛЕДОВАНИЯ ТЮРКСКОЙ ИСТОРИИ И КУЛЬТУРЫ В КИТАЕ: ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ И ВАЖНЫЕ ТРУДЫ	347
Саурькова Ж.С., Абдугулова Б.К. КОНФИСКАЦИЯ ИМУЩЕСТВА КРУПНЫХ БАЕВ КАК ПЕРВООСНОВА ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИИ И ТРАГЕДИИ НАРОДА (НА ПРИМЕРЕ РЕГИОНА ЖЕТЫСУ)	361
Тапалова А., Кара А. ВЛИЯНИЕ КОМСОМОЛЬСКОЙ ПРОПАГАНДЫ НА МОБИЛИЗАЦИЮ ЖЕНЩИН НА ТЫЛОВЫЕ РАБОТЫ В ГОДЫ ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ В ЗАПАДНОМ КАЗАХСТАНЕ	375

АНТРОПОЛОГИЯ

Дюсенов Б.Д. ОБНАРУЖЕНИЕ И ПОПУЛЯРИЗАЦИЯ ИМЕН ИСТОРИЧЕСКИХ ЛИЧНОСТЕЙ КАЗАХСКОГО НАРОДА, КОТОРЫЕ СОХРАНИЛИСЬ В ЭПИГРАФИЧЕСКИХ ПАМЯТНИКАХ ВОЛГО- УРАЛЬСКОГО РЕГИОНА	387
Жалелов А.А. АРХЕОЛОГИЧЕСКОЕ ИЗУЧЕНИЕ КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ В 1930–1960-е ГОДЫ	402

CONTENTS

THEORY OF METHODOLOGY

Abdirov M.Zh. THE ROLE OF THE RUSSIAN COSSACK TROOPS IN THE MILITARY COLONIZATION OF KAZAKHSTAN (LATE XVI - EARLY XIX CENTURIES)	208
Ibrayeva A.G., Temirkhanova A.S., Kabdushev B.Zh. ALASH INTELLIGENTIA AND THE ISSUES OF BAI FARMS CONFISCATION (ON THE EXAMPLE OF THE NORTHERN REGION OF KAZAKHSTAN)	225
Karatayev A.A. ABOUT ALASHA KHAN AND THE FORMATION OF THE «ALASH» ASSOCIATION.....	241

HISTORY

Abdrakhmanov B.D., Asekova S.U. ON THE PERSONS OF KAZAKH NATIONALITY AND NATIVES OF KAZAKHSTAN REPRESSED IN KYRGYZSTAN DURING THE STALIN PERIOD	256
Akhmetova D.M., Mukhamedjanova R.Zh. LABOR OF WOMEN OF KAZAKHSTAN IN THE REAR DURING THE SECOND WORLD WAR	267
Barbosov S.M. KAZAKHSTAN DURING THE YEARS OF PERESTROIKA AND ACCELERATED POLICY IN THE USSR (1985–1991)	278
Ezhenkhan-uli B. THE “TATAR LETTER” ADRESSED TO THE POP OF INNOCENT IV IN 1246 AND ITS INVOLVEMENT WITH TÖREGENE QATUN.....	290
Kussainov D.Zh., Otepova G.E. THE CURRENT STATE AND PROBLEMS OF INTERACTION BETWEEN MUSEUMS AND EDUCATIONAL ORGANIZATIONS IN KAZAKHSTAN	303
Mambetova G.A. THE STRUGGLE OF THE SOVIET AUTHORITIES AGAINST SHAMANISM AND «WANDERING MULLAHS»	318
Manichkin N.A. INTERDEPENDENT BECOMING: POETIC REINTERPRETATION OF SYMBOLS AND IMAGES OF THE HISTORICAL MEMORY IN KAZAKHSTAN.....	334
Massimkhanuly D., Abidenkyzy A. STUDIES OF TURKIC HISTORY AND CULTURE IN CHINA: MAIN DIRECTIONS AND SIGNIFICANT WORKS	347
Saurykova Zh.S., Abdugulova B.K. CONFISCATION OF THE LARGE BAYS’ PROPERTY AS THE PRIMARY BASIS OF POLITICAL REPRESSION AND PEOPLE TRAGEDY (ACCORDING TO THE EXAMPLE OF ZHETYSU REGION)	361
Tapalova A., Kara A. THE IMPACT OF KOMSOMOL PROPAGANDA ON WOMEN'S MOBILIZATION FOR REAR WORK DURING WORLD WAR II IN WEST KAZAKHSTAN.....	375

ANTHROPOLOGY

Dyussenov B.D. DISCOVERY AND POPULARIZATION OF THE NAMES OF KAZAKH HISTORICAL FIGURES THAT HAVE BEEN PRESERVED IN EPIGRAPHIC MONUMENTS OF THE VOLGA-URAL REGION	387
Zhalelov A.A. ARCHAEOLOGICAL STUDY OF KOSTANAY REGION IN THE 1930–1960 s	403

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2023. 10 (2)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 28.06.2023.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК
Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ беттелген:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй